



Болашаққа бағытталған қадам



Жуырда Жаңақала колледжі базасында «Сапалы білім, берік құндылық, табысты тұлға: жаңа оқу жылындағы міндеттер» атты облыстық тамыз кеңесі аясында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының инженер-педагог қызметкерлеріне арналған секциялық отырыс өтті. Аталмыш басқосу озық тәжірибемен бөлісіп, заманауи трендтерді талқылауға арналған маңызды алаңға айналды.

Алқалы жиынның модераторы Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығы директорының орынбасары Әли Масалимов. Алғашқы сөз кезегін алған аудан әкімі Алпамыс Көшкінбаев қатысушыларға сәттілік тілеп, жаңа оқу жылындағы жауапты міндеттерге тоқталды. Өз сөзінде бүгінгі күні жасанды интеллектің әсіресе ұстаздар қауымының қызметінде маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

Педагог мәртебесін ұлықтап, кәсіби биіктен көрінген ұстаздардың еңбегі ерекше аталды. Осы орайда 2026 жылғы «Республикалық кәсіби шеберлік» байқауында үздік шыққан ұжым мүшелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «TALAP» КЕАҚ-ның грамотасымен марапатталды.

Аудан басшысы Алпамыс Жаңабайұлы сахна төрінде озық шыққан педагогтерге марапаттарды өз қолымен тапсырды. Сайыстың қорытындысы бойынша I дәрежелі диплом Жалпақтал аграрлық және салалық технологиялар колледжінің өндірістік оқыту шебері

Самат Сұлташевқа бұйырса, II дәрежелі дипломды «Мақсат» Орал жоғары медициналық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Айнагүл Рысқалиева еншіледі. Ал III дәрежелі диплом Ақжайық аграрлық-техникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері Айхан Сәрсенбайға бұйырды.

Секциялық отырыста Цифрлық технологиялар басқармасының өкілі Батыр Хайруллин цифрлық білім кеңістігі мен жасанды интеллектің дамыту жайын сөз етті. Сонымен қатар «Careerhub.kz» және «Edata.kz» ЖШС-ның коммерциялық директоры Гауһар Шүленбаева техникалық және кәсіптік білім беруде ЖИ енгізу, оқу үдерісін автоматтандыру және кәсіби бағдар беру мүмкіндіктерін таныстырды. Облыстық әдістемелік орталықтың өкілдері Райгүл Қуанышәліева мен Альфия Ысқақова педагогтердің әдістемелік жұмысын жетілдіру мен адам капиталын дамытудың психологиялық аспектілеріне тоқталды. Жергілікті полиция қызметкері Асхат Рамазанов кәмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын арттырудағы серіктестік тәжірибесімен бөліссе, колледж өкілдері Айша Махметова, Темірлан Қайыржанов, Мәншүк Мәмбетова, Ұлан Бақытжан және Айкөркем Мұханбетова студенттердің бойында цифрлық құралдар арқылы құқықтық мәдениет пен Конституция құндылықтарын қалыптастыру, халықаралық тәжірибе және ЖИ-дің педагогке әдістемелік көмекші ретіндегі тиімділігі туралы баяндама жасады.

Салтанатты іс-шара барысында өздерінің еңбегімен, кәсібилігімен және адал қызметімен ерекшеленген өңірдегі колледж басшылары, орынбасарлары мен әдіскерлері Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығы директорының Құрмет грамотасымен марапатталды. Елеулі марапаттарды әдістемелік орталық директорының орынбасары Әли Хайдарұлы табыстады.

Пленарлық бөлімнен кейін іс-шара тәжірибелік интерактивті алаңдарда жалғасты. «STARTUP ZONE: техникалық және кәсіптік білім жәрмеңкесі» аясында колледждердің инновациялық жобалары, студенттердің бизнес-идеялары мен әлеуметтік бастамаларының көрмесі ұйымдастырылды. Одан әрі «FUTURE SKILLS: білімнен дағдыға дейін» зияткерлік алаңында қатысушылар «AI Quiz», «Case Study», «Инновациялық идея», «Логика және құқық» кезеңдері бойынша бақ сынап, командалық сайыста ұтқыр ойлары мен инновациялық шешімдерін көрсетті.

Түстен кейін «Dala Fest» алаңында «FUTURE COLLEGE LEAGUE» командалық тимбилдингті өтті. Педагогтер «Бір мақсат – бір команда» тренингі мен эстафеталық ойындарға белсене қатысып, өзара тиімді коммуникация мен көшбасшылық қабілеттерін нығайтты. Ауқымды іс-шара соңында белсенді қатысушылар марапатталып, естелік суретке түсті.

Райхан ХАМЗИНА

«Дауыс беру учаскесін қалай табуға болады?»

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

- 1) жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервис-тердің көмегімен;
- 2) тұрғылықты жері бойынша

тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді;

- 3) сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған QR-кодты пайдалану арқылы.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы



www.gov.kz/sailau



sailau.gov.kz



sailau2026.gov.kz

Нұрберген ТІЛЕКҚАБЫЛОВ: «Басты міндет – үздіксіз жылу»



«Қыстың қамын жазда ойла» демекші, суық түспей тұрып жылу жүйелерін ретке келтіріп, тосын жағдайлардың алдын алу – әрбір жауапты сала үшін маңызды сынақ. Аудан тұрғындарын қыс мезгілінде үздіксіз жылумен қамтамасыз ету – басты әрі өзекті міндеттердің бірі. Осы орайда газетіміздің кезекті санында аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Нұрберген Байсерікұлымен сұхбат жүргізуді жөн көрдік.

Әулетке ұласқан абыройлы мамандық



Адам өмірінде таңдаған мамандықтың қадірі ерекше. Ал сол кәсіп ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, әулеттің өмірлік ұстанымына айналса, бұл еңбектің ғана емес, тәрбиенің де жемісі.

Қабырғада қалған қолтаңба



Тамыз айының екінші жексенбісі – елімізде Құрылысшылар күні. Бұл – қалалар мен ауылдардың ажарын кіргізіп, заманауи инфрақұрылымның негізін қалап жүрген адал еңбек иелерінің кәсіби мерекесі.